

«Заң мен тәртіп: Қауіпсіз Қазақстан үшін!»

12.09.2025 ж.

Университетте «Заң мен тәртіп: Қауіпсіз Қазақстан үшін!» тақырыбында студенттермен кездесу өтті. Кездесуге Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің ұйымдастыру және бақылау басқармасы басшысының орынбасары М.М. Рахымжанов, осы департаменттің талдамалық бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі Н. Аязов, университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі К.А. Токушев және аппарат жетекшісі Ж.М. Жазыкбаева қатысты. Сонымен қатар, институт директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен 200-ге жуық студент қатысты.

Кездесу барысында бейнеролик көрсетіліп, заңсыз қаржылық әрекеттер — дропперлік, қаржылық пирамидалар және оларға қатысқаны үшін жауапкершілік туралы түсініктер берілді. Спикерлер студенттерді сақтыққа, саналы болуға шақырды.





ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!